

# БАСТАУЫШ МЕКТЕП ПЕДАГОГИКАСЫ ПЕДАГОГИКА НАЧАЛЬНОЙ ШКОЛЫ

ӘОЖ 373.1.02

## Биологияны оқытудағы танымдық құзыреттілікті дамытуға бағытталған тапсырмалар

Мырзабаев А.Б., Жанарбек Г.

*Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті*

В статье рассматриваются вопросы структурирования научных и практических знаний для лучшего решения педагогических и воспитательных задач. Авторы определяют актуальность исследования и научную новизну теоретических положений современной системы образования инновационными процессами, где важнейшее место отведено воспитанию творческой личности. В статье авторы анализируют понятие «компетентность» как совокупность личностных качеств ученика, обусловленных опытом его деятельности в определенной социально- и личностно-значимой сфере.

In the article the questions of structuring of scientific and practical knowledge are examined for the best decision of pedagogical and educator tasks. Authors determine research actuality and scientific novelty of theoretical positions of the modern system of education innovative processes, where a major place is taken to education of creative personality. In the article authors analyse a concept «competence», as an aggregate of the personality internalss of student, conditioned by experience of his activity in certain socially and to the personality-meaningful sphere.

Жаңа жүзжылдықтың басында елдегі экономикалық ахуалдың жақсаруы, қоғамның даму қарқыны білім берудің міндеттерін қайта қарауды талап етеді. Қазіргі жалпы білім берудің ұлттық деңгейіндегі басты міндеттердің бірі — әлеуметтік, экономикалық және саяси өмірге белсенді қатысуға дайын құзыреттілігі қалаптасқан шығармашыл тұлғаны қалыптастыру.

Қоғамның қажеттіктерін қанағаттандыру мақсатында қабылданған Қазақстан Республикасы «Білім туралы» Заңында: «Білім беру жүйесінің басты міндеттерінің бірі — жеке адамның шығармашылық, рухани және күш-қуат мүмкіндіктерін дамыту, адамгершілік пен салауатты өмір салтының берік негіздерін қалыптастыру, даралықты дамыту үшін жағдай жасау арқылы ой-өрісін байыту», — деп атап көрсетілген. Осы міндетке сәйкес оқушының ой-өрісін дамытып, белсенділік іс-әрекетке түсе алатын тұлғаны қалыптастыруда оқу экспериментінің орны ерекше [1].

2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасында, Президенттің халыққа арнаған жолдауларында әлемдегі бәсекеге барынша қабілетті елдердің қатарына кіруге міндеттер білімді, талантты, жігерлі, өзіне сенетін арманға бай және оларды жүзеге асыруға ерік-жігері бар құзыретті, шығармашыл жастарға жүктелген [2].

Демек, болашақ жастарымыздың өз мүмкіндіктеріне сенімді болуын қамтамасыз ететін білім берудің жаңа парадигмасы оқытудың субъектілігін мойындайтын, оның әлеуетіне тікелей әсері мол құзыреттілігі қалыптасқан белсенділік іс-әрекетін қалыптастырудың теориялық, әдістемелік негіздерін айқындау міндеттерін алдыңғы қатарға шығарады.

Тұлғаның шығармашылық іс-әрекетін қалыптастыруға қатысты мәселелер Әбу Насыр әл-Фараби, Ы.Алтынсарин, философ-ғалымдар Платон, И.Кант, Г.Гегель, және тағы басқалардың зерттеулерінде іс-әрекет рөлінің маңыздылығын айқындау арқылы қаралған. Еліміздегі философтар Ж.М.Әбдилдин, Ә.Нысанбаев, Ғ.Есім және тағы басқалар қоғам дамуы адамның шығармашылық іс-әрекетіне байланысты деп санайды [3].

Алыс және жақын шетел ғалымдары Л.С.Выготский, Д.Б.Эльконин, Н.Ф.Талызина және тағы басқалар оқушылардың белсенділінің қалыптастырудың психологиялық заңдылықтарын анықтады. Мектеп оқушыларының белсенділік іс-әрекетінің психологиялық заңдылығын Ж.Аймауытов, Т.Тәжібаев, Ә.Алдамұратов, Қ.Жарықбаев және тағы басқалар айқындады.

Қазақстан Республикасының білім беру жүйесінің стратегиялық мақсаттарының бірі қоғамның әлеуметтік-экономикалық күрделі өзгерістеріне қарай тұлғаның шығармашылық іс-әрекетін қалыптастыруға жағдай жасау болып табылады. Мұның өзі жалпы білім беретін мектептерде жеке пәндерді оқытуда оқушылардың шығармашылық іс-әрекетін қалыптастыру үшін оқу-танымдық әрекеттерін ұйымдастыру міндетін жүктейді.

Қазіргі таңда орта мектептегі білім берудің басты мақсаты — оқушыларға білім беріп, олардың шығармашылық құзыреттілігін дамыту, оларды кез келген мәселеде оңай шешім таба алатын құзыретті дара тұлға тәрбиелеу. Жалпы орта білім берудің нәтижесі құзыреттіліктер жиынтығын игеруге бағдарлау. Құзыреттіліктің нәтижеге айналуы қазіргі таңда бүкіл өркениетті елдер ұмтылып жатқан меже. Жоғары дәрежелі жетістіктерге жету үшін осы елдің әрбір азаматының құзыреттілік қабілеті нақты қалыптасқан болуы тиіс [4]. Ал бұндай тұлға қалыптастыру үшін орта мектепте оқытылатын әрбір пәннің өзіндік орыны бар. Солардың бірі биология пәні — тірі табиғатты, оның алуан түрлілігі мен тірі организмдердің құрылысын, қызметін, өсіп дамуын және сыртқы ортамен қарым-қатынасын оқытатын ғылым. Сондықтан биологияны оқытудағы құзыреттілікті бағытталған тапсырмалар маңызды болып табылады.

Мектеп оқушыларының ой өрісінің дамуы, шығармашылық құзыретінің қалыптасуы ең алдымен сабақта, мұғалім өзінің тәрбиеленушілермен бетпе-бет қалған уақытта жетістікке жетеді. Оқушылардың оқуға деген қызығушылық дәрежесі, білім деңгейі, өздігінен білім алуға үнемі дайын тұруы, яғни қазіргі заман психологиясы мен педагогикасы дәлелдегендей, ой өрісінің дамуы, мұғалімнің таным әрекетін жүйелі ұйымдастыра алуына байланысты.

Осы кездегі өзгеріп жатқан қоғам өмірінің әр жылында педагогикалық үдеріс нәтижесі де өзгеруде. Бүгінгі таңда «күндегідей» оқыту және тәрбиелеу жеткіліксіз, адамды өмірге дайындау нобайының өзінде түпкілікті қайда құру және осы жұмысты іс-тәжірибе түрінде өзгерту тиіс. Ғылыми әлем бейнесі қалыптасқан, дүниетанымы ғылыми берік, еркін ойлайтын, батыл, парасатты, рухани байлығы мол, меңгеру қабілеті бар, яғни өзіне, айналадағы адамдарға, қоғамға, табиғатқа деген қарым-қатынасын құратын және құзыреттіліктер жиынтығын игерген адам, құзыретті тұлға керек. «Білім сапасы» категориясының мазмұнын ашуда «құзырет» ұғымы ерекше орын алады. Зерттеушілердің пікірі бойынша, құзырет тек білімге ғана емес, біліктілікке (теңдес болмағанымен) көбірек сай келеді және адамның әр түрлі қажетті салалардан хабардар болуын сипаттайды.

«Құзыреттілік» ұғымы «білім», «білік» және «дағды» (ББД) сияқты ұғымдарды қамтиды. Бірақ бұл ББД-ның жай ғана жиынтығы емес. Құзыреттілік оқыту нәтижесін (білім және білік) ғана емес, сонымен бірге ол оқушылардың шығармашылық іс-әрекет тәжірибесі мен құндылық бағдарларының жүйесін де көрсетеді. Құзыреттілік — бұл алынған білімдер мен біліктерді іс-жүзінде, күнделікті өмірде қандай да бір практикалық және теориялық мәселелерді шешуге қолдана алу қабілеттілігі. Ол ең әуелі мектептегі оқыту үдерісінде қалыптасады. Сонымен, оқытудағы құзыреттілік тәсіл білім беру нәтижесі ретіндегі оқыту сапасын қамтамасыз етеді, ал ол өз кезегінде кешенді әдіс-тәсілдерді жүзеге асыруды, мектепте оқыту сапасын бағалаудың біртұтас жүйесін құруды талап етеді. Демек «құзырет» және «құзыреттілік» ұғымдарын мектептегі педагогикалық тәжірибеге енгізу білім берудің мазмұны мен әдістерін өзгертуді, іс-әрекет түрлерін нақтылауды талап етеді [5].

Құзыреттілік деп, көбінесе, тұлғаның қызметке өз бетімен әрі үздік араласуға бағдарланған жалпы қабілеттілігінде, оның оқуы және әлеуметтенуі барысында алған білімдері мен тәжірибесіне негізделген іс-әрекетке дайындығында көрініс беретін кіріктірілген сапасын түсінеді.

«Құзырет» және «құзыреттілік» ұғымдарының педагогикадағы қолданылуы туралы мынадай көзқарастар қалыптасқан [6].

Бұл жаңа сөздерге еліктеушілік, оларды қолданбауға да болады, өйткені «мектеп бітірушінің дайындық деңгейі» және «оқу біліктіліктері» деген дәстүрлі қолданылып жүрген баламалары бар.

«Құзырет» және «құзыреттілік» адамның тіршілік қызметінің басқа салаларында да кеңінен қолданылып жүр және олар кәсіби іс-әрекеттің жоғары сапасын көрсетеді.

«Құзырет» және «құзыреттілік» ұғымдары алдағы уақытта оқушылардың мәдениеттанымдық іс-әрекетінің күрделі құрылымын бейнелеп, білім беру мазмұнының өзін дамытуға жаңаша сипат беруі мүмкін [7].

Біз «құзырет» және «құзыреттілік» ұғымдарын нақты мазмұнмен толықтыру арқылы білім беруді, оның ішінде оқушының білімділігін жаңаша сипатта жандандыруға мүмкіндік береді деп есептейміз.

Құзыреттілік тәсіл бірінші орынға оқушының хабардарлығын емес, мынадай жағдаяттарда: нақты құбылыстарды танып-білу мен түсіндіруде; қазіргі заманғы техника мен технологияны игеруде; практикалық өмірде; мамандық таңдауда және өзінің кәсіби білім алуға дайындығын бағалауда, еңбек нарығын бағдарлау қажет болғанда; өмірдегі өз орнын анықтауға, өмір салтын, кикілжіндерді шешу тәсілдерін таңдауға байланысты мәселелерді шешу қажет болғанда туындайтын өмірлік мәні бар мәселелерді шеше білу біліктілігін шығарады.

Қазақстан Республикасының Гуманитарлық білім беру тұжырымдамасында «білім берудің гуманитарлық сипаты, онда адам тек зерттеу объектісі ретінде ғана емес, ең алдымен, шығармашылық пен таным субъектісі құдіретті мәдениет үлгілерін дүниеге әкелген, әрі өзінің шығармашылыққа деген құлшынысымен оқушыларды баурап әкететін субъектісі ретінде көрінуімен бедерленеді» делінген [2].

Ақпараттық қоғам жағдайында педагогтың болашақ мамандардың ақпараттық-коммуникациялық құзыреттілігін қалыптастыру көрсеткіштері төмендегідей:

- білім беру жүйесінің әлемдік ақпараттық кеңістікке саналы түрде енуін қамтамасыз ету;
- ақпараттардың шексіз көлемі мен осы ақпараттарды аналитикалық түрде өңдеуді қамтамасыз етуге даярлау;
- ақпараттық ортада жеке тұлғаның шығармашылық сапасын дамыту мен қалыптастыру және өзіндік ақпараттық ортаны құру дағдыларын қалыптастыру;
- ақпараттық ортада коммуникативтік мәдениетті қалыптастыру;
- ақпараттық ортада өзара байланыс қызметтерін қалыптастыру;
- ақпараттық ортада ақпаратты алу, таңдау, сақтау, қабылдау, түрлендіру, жіберу және бір-бірімен сабақтастыру мәдениеттерін қалыптастыру;
- интерактивтік телекоммуникациялық технологияларды (Интернет, қашықтықтан оқыту және т.б.) қолдануға даярлау;
- ақпараттық-білімдік ортаны модельдеу мен жобалау қабілетін қалыптастыру және осы дағдыны өзіндік кәсіби қызметтеріне қолдануға даярлау.

Оқушылардың оқу-танымдық шығармашылық іс-әрекетін қалыптастырудың дидактикалық-әдістемелік мәселелерін Г.Давыдова, Н.И.Запорожец және тағы басқалар зерттеген. Осы жұмыстарда оқу жұмыстарында жобалау, зерттеу, құрастыру, оқу экспериментінің мектеп оқушыларының шығармашылық іс-әрекетін қалыптастырудың тиімді формасы екендігі тұжырымдалған [8].

Құзыреттілікке бағытталған тапсырмалар мен педагогикалық-әдістемелік әдебиеттерге жасалған талдаулар оқушылардың құзыреттіліктерін қалыптастыруда соған бағытталған тапсырмалардың ғылыми тұрғыда негізделмегенін айқындауға мүмкіндік туғызды. Осы тұрғыдан алғанда келесі қарама-қайшылықтар туындайды:

- мектеп оқушыларына арналған құзыреттілікті бағытталған тапсырмалардың қажеттілігі мен оның теориялық тұрғыда негізделмеуі;
- оқушылардың құзыреттіліктерін қалыптастыру үшін бағытталған тапсырмалардың мүмкіндіктері және оның ғылыми-әдістемелік тұрғыда жеткілікті түрде қамтамасыз етілмегендігі арасында қарама-қайшылықтар кездеседі.

Аталған қарама-қайшылықтардың дұрыс шешімдерін іздестіру зерттеу мәселесін мектептегі оқу эксперименті арқылы оқушылардың құзыреттіліктерін қалыптастырудың теориялық негіздерін және оны жүзеге асыру әдістемесін айқындау деп белгілеп және тақырыбымызды «Биологияны оқытудағы құзыреттілікті бағытталған тапсырмалардың рөлі» деп таңдап алуға мүмкіндік берді.

*Зерттеу мақсаты.* Құзыреттілікті бағытталған тапсырмалардың биологияны оқытудағы маңыздылығын теориялық тұрғыдан негіздеп, әдістемесін жасау және оның тиімділігін тәжірибелік-эксперименттік жұмыста тексеріп ұсыныстар жасау. Дербес ғылыми зерттеу және нақты сұрақтар мен мәселелерді әзірлеу және зерттеу кезінде тәжірибе жасау әдістемесін игеру.

*Зерттеу міндеті.* Биологияны оқытуда құзыреттілікті бағытталған тапсырмалардың үлгісін құру. Құзыреттілікті дамытуға бағытталған тапсырмалар әдістемесін дайындау. Тәжірибелер жүргізу, ғылыми негізделген қорытынды беру.

*Зерттеудің нысаны:* жалпы білім беретін мектептердегі оқу-тәрбие үдерісі.

*Зерттеу пәні:* мектеп оқушыларының биологиядан құзыреттіліктерін қалыптастыру мәселелері.

*Ғылыми болжамы.* Егер адам өміріндегі құзыреттіліктер жиынтығының алатын орны мен маңыздылығын ескере отырып, биологияны оқытуда құзыреттілікті бағытталған тапсырмаларды кеңінен пайдаланып, оқыту үдерісінде құзыреттілікті бағытталған тапсырмалардың ғылыми негізделген әдістемесі жасалса, онда әрбір мектеп бітіруші түлектен өмірдегі кездесетін әр түрлі қиындықты — проблемалық жағдайларды қиналмай жеңіп шыға алатын құзыреттілігі қалыптасқан тұлға дамып шығар еді.

*Жетекші идеясы:* мектеп оқушыларының оқу үдерісінде эксперимент мазмұнын деңгейлік тапсырмалар арқылы құру, олардың құзыреттіліктерін және шығармашылығын арттыруға және өз бетінше әрекеттене білуіне ықпалын тигізеді.

*Зерттеудің әдіснамалық-теориялық негіздері:* тұлғаның мәні туралы философиялық, психологиялық, педагогикалық зерттеулердегі негізгі ұстанымдары, тұлға теориясы, іс-әрекет теориясы, құндылықтар теориясы, тұлғаға бағдарланған оқыту және жобалау технологияларының теориялық негіздері, тұлғаның құзыреттілігін, шығармашылық әрекетін қалыптастырудағы оқу эксперименті туралы тұжырымдар болып табылады.

*Зерттеудің көздері:*

- Қазақстан Республикасы заңдары, нормативті құжаттары, оқу экспериментін жүргізуге байланысты ғылыми-әдістемелік еңбектері, тұжырымдамалары, кешенді бағдарламалары;
- алыс және жақын шет ел, Қазақстан ғалымдарының оқу эксперименті бойынша философия, психология, педагогика, жаратылыстану ғылымдарындағы ғылыми зерттеу еңбектері;
- білім беру жүйесіндегі алдыңғы қатарлы педагогтардың оқу эксперименті бойынша озат іс-тәжірибелер және ғылыми ізденушінің өзінің әдістемесі және зерттеу тәжірибелері.

Зерттеудің әдістері: философиялық, психологиялық, педагогикалық зерттеулерді талдау, қорыту, мектеп құжаттарын талдау, оқушылармен сауалнамалар жүргізу, шығармашылық жұмыстарын талдау, жалпы білім беретін мектептегі оқу эксперименті бойынша тәжірибе жинақтау, салыстыру, тұжырымдау, математикалық статистикалық зерттеу әдістерін қолдану, бақылау, тәжірибелік-эксперименттік жұмыс жүргізу.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы мен теориялық мәні: мектептегі оқушылардың шығармашылық іс-әрекеттері арқылы зерттеушілік құзыреттіліктерін қалыптастырудың теориялық негіздері айқындалды;

- оқушылардың шығармашылық іс-әрекеттерін қалыптастыру негізінде зерттеушілік құзыреттілік қалыптастыру жолдары жөнінде ұсыныстар берілді.

*Зерттеудің базасы.* Қарағанды қаласындағы №№ 7, 66 жалпы білім беретін мектептерде бақылау жүргізілді. Зерттеудің көкейкестілігі, зерттеудің мақсаты, нысаны, пәні, міндеттері, жетекші идеясы, әдіснамалық негіздері, әдістері, ғылыми жаңалығы, теориялық және практикалық мәні, негізгі қағидалары, дәйектілігі мен негізділігі беріледі.

«Оқушылардың құзыреттілігін қалыптастырудың ғылыми-теориялық негіздері» атты бірінші бөлімде мектептегі оқу эксперименті арқылы оқушылардың шығармашылық іс-әрекеттері арқылы зерттеушілік құзыреттіліктерін қалыптастырудың теориялық негіздерін айқындай отырып, «құзыреттілік» ұғымының мәні ашылып берілді. Шығармашылық іс-әрекетін қалыптастырудың мүмкіндіктері және үлгісі, компоненттері, көрсеткіштері, өлшемдері мен деңгейлері анықталды.

«Мектеп оқушыларының шығармашылық іс-әрекеттері арқылы зерттеушілік құзыреттіліктерін қалыптастырудың әдістемесі» атты екінші бөлімде мектептегі оқу эксперименті арқылы оқушылардың шығармашылық іс-әрекетін қалыптастырудың оқу-әдістемелік жолдары, тәжірибелік жұмыстың нәтижелері айқындалды, ғылыми негізделген әдістемелік ұсыныстар берілді.

Қорытындыда болжамды дәлелдейтін зерттеудің негізгі нәтижелері мен тұжырымдары түйінделді, ғылыми-әдістемелік ұсыныстар берілді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімінде осы дипломдық жұмысты орындау үшін алғашқы тақырып таңдаудан бастап танысқан, зерттеу барысында талдауға алынған және теориялық негіздерді алған әдебиеттер берілген.

*Зерттеудің кезеңдері.* Бірінші кезеңде зерттеу тақырыбы бойынша философия, психология, педагогика, жаратылыстану ғылымдары бойынша «құзыреттілік» сөзінің алатын орны, оқу әрекетіндегі эксперименттің маңыздылығы, сонымен қатар қазіргі білім беру саласындағы құзыреттілікті бағытталған тапсырмаларды оқу эксперименті бойынша қалыптастыру мүмкіндігіне салыстырмалы талдаулар жүргізілді. Талдау барысында зерттеу жұмысымыздың теориялық негіздері

айқындалып, бұл мәселе төңірегіндегі қайшылықтарға қатысты ғылыми-әдіснамалық аппараты анықталды.

Екінші кезеңде зерттеу тақырыбы бойынша «Мектеп оқушыларының шығармашылық іс-әрекеттері арқылы зерттеушілік құзыреттіліктерін қалыптастырудың әдістемесі» атты екінші бөлім жазылды. Зерттеу болжамына сәйкес ғылыми зерттеу жұмысының тәжірибелік-эксперименттік жұмыстары жүгізілуде нәтижесі наурыз айында шығарылады. Ғылыми-әдістемелік ұсыныстар дайындалып, дипломдық жұмыс талаптарға сай рәсімделеді.

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев: «Білім беру реформасы табысының басты өлшемі — тиісті білім мен білік алған еліміздің кез келген азаматы әлемнің кез келген елінде қажетке жарайтын маман болатындай деңгейге көтерілу болып табылады», — деп атап көрсеткен еді. Яғни білікті, білімді, бәсекеге қабілетті маман кәсіби жағынан ғана шебер болмауы керек, сонымен қатар өз елінің мәдениетін, салт-дәстүрін, мемлекеттік тілді де жақсы білуі керек.

Осы тұрғыда алып қарасақ, ұлттық рухтағы әлемдік білім деңгейі талаптарына сай ұлтжанды азамат тәрбиелеу үшін әр мұғалім күнделікті сабағында жаңа технологияларды тиімді пайдалану, құзыреттілік-әрекеттілік тұрғыда оқыту, жаңаша авторлық технологиялар мен бағдарламалар құрастырып, жүзеге асыру қажеттігі туындайды. Бүгінгі заман әр ұстаздан үздіксіз ізденімпаздық пен шығармашылықты, кәсіби шеберлікті, құзырлылыққа жету жолындағы инновациялық технологияларды тиімді қолдануды қажет етеді.

Енді білім берудегі құзырлылық тәсіл, мектеп түлегінің негізгі құзырлылығы мәселесі төңірегінде нақтырақ тоқталып кетсек, қазіргі кезде педагогика мен психология саласында «құзырлылық» ұғымының жалпы қабылданған түсіндірмесі әлі қалыптаспаған. Ғылыми еңбектерде «құзырлылық» пен «құзыреттілік» ұғымдарына түрліше мағына беріліп жүр. Шетелдік түсіндірме сөздіктерде «құзырлылық» ұғымы құзыреттілікті меңгеруші ретінде қарастырылады. «Құзыретті» сөзі французша «заңға сай», латынша «талап қою», ағылшынша «қабілетті» мағынасын білдіреді. Шетелдік ғалымдар құзыреттілік ұғымына білім, біліктілік, білімді тәжірибеде қолдана алу, тереңдетілген білім, кәсіби біліктілік деген сияқты түсінік береді.

Сонымен, «құзырлылық» ұғымына мынадай анықтама беруге болады: «Құзыреттілік — оқудың және өздігінен білім алудың нәтижесінде қалыптасатын және адамның әлеуметтік ұтқырлығын анықтайтын, білім мен тәжірибеге, құндылықтар мен бейімділіктерге негізделген жалпы қабілеттіліктер».

Құзырлылық оқушының алған білімі мен дағдыларын тәжірибеде, күнделікті өмірде қандай да бір тәжірибелік және теориялық мәселелерді шешу үшін қолдана алу қабілеттілігін сипаттайды. Бұл ең әуелі, мектепте оқу үрдісі кезінде қалыптасады. Яғни оқытудағы құзырлылық тәсіл нәтижесі болып білім сапасының көрсеткіші бағаланады.

Өзінің және қоғамның мүддесіне өзін-өзі белсенді етуге дайын, өзгермелі даму үстіндегі ортада өмір сүруге бейім, бәсекеге қабілетті және құзыретті, шығармашыл, білімді тұлғаны дамыту және қалыптастыру құзыреттілік пен әрекеттілік тұрғыда жасалған іс-әрекет нәтижесінде жүзеге асады.

Бүгінгі күні мектеп түлегінің негізгі құзырлылығы төмендегідей анықталады:

1. Құндылықты-бағдарлы құзыреттілік — жасампаз қоғам өмірінде өз рөлін таба білу, азаматтық белсенділік көрсету, саяси жүйені түсініп, әлеуметтік жағдайларға баға беру.
2. Мәдениеттанымдық құзыреттілік — өз халқының және әлемдік мәдениетті түсініп, рухани келісім жүргізе алу.
3. Когнитивтік құзыреттілік — зерттеушілік дағдыларын игеруге мүмкіндік жасайтын өз әрекетіне талдау, қорытынды жасай алу.
4. Коммуникативтік құзыреттілік — байланыстың түрлі объектілерін қолдана отырып, түрлі әлеуметтік топта қарым-қатынас жасай алу, мемлекеттік және шет тілдерді меңгеру.
5. Ақпараттық-технологиялық құзыреттілік — білім мен ақпаратты ақпараттық-технологиялар көмегімен жүзеге асыра білу.
6. Әлеуметтік қарым-қатынас құзыреттілігі — әлеуметтік-қоғамдық өмірде кәсіби бағдарын дұрыс таңдай алу.
7. Тұлғаның өзін-өзі дамыту құзыреттілігі — әлеуметтік-қоғамдық, өмірлік жағдайларда өз мүмкіндігін анықтап, өмірі мен ісіне жауапты қарауды, жеке және қоғам пайдасына сай шешім қабылдауды қарастырады [7].

Сонымен, оқу үрдісіндегі құзырлылық дегеніміз оқушының алған білімі мен дағдыларын тәжірибеде, күнделікті өмірде теориялық және тәжірибелік мәселелерді шешу үшін қолдана алу мүмкіндігі болып табылады.

#### Әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы // Егеменді Қазақстан. — 1999. — № 115, 116.
2. ҚР-да 12 жылдық жалпы орта білім беру тұжырымдамасы / ҚР Білім және ғылым министрлігінің 2006 жылғы 04 қаңтардағы №1 бұйрығы. — Астана, 2006.
3. Жумадилаева О.А. Психолого-педагогические особенности развития творческой одаренности у детей дошкольного возраста: Дис. ... канд. пед. наук. — Алматы, 1998.
4. Жантлеуова Ш.К. Профессиональная компетентность будущего учителя в условиях педагогической практики // Вестник КазНУ. Сер. Педагогические науки. — 2000. — № 12. — С. 25–29.
5. Кенжебеков Б. Маманның кәсіби құзыреттілігінің теориялық негізі / Бастауыш мектеп. — 2004. — № 7. — 3–7-б.
6. Баскаев Р.М. О тенденциях изменений в образовании и переходе к компетентностному подходу // Инновации в образовании. — 2007. — № 1. — С. 10–15.
7. Володина Ю.А. Компетентный подход в подготовке школьников к профессиональному самоопределению // Психологическая наука и образование. — 2008. — № 2.
8. Мырзабаев А.Б. Биологияны оқыту әдістемесі. — Қарағанды: «Санат-Полиграфия», ЖШС, 2006. — 344 б.

ӘОЖ 372. 874:76

### «Графика және жобалау» пәні бойынша оқу және шығармашылық графикалық тапсырмалар жүйесінің ерекшеліктері

Хасенов М.М., Қожиков Ж.А.

*Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті*

В статье показано, что основным средством в организации графической и проектной деятельности учащихся по усвоению содержания учебного предмета «Графика и проектирование» в общеобразовательных школах являются системы учебных и творческих заданий. Их выполнение обеспечит усвоение необходимого повышенного уровня графических знаний и умений учащихся, а значит, будет способствовать достижению цели обучения — развитию интеллектуальных способностей. Авторы рассматривают методику конструирования и применения систем творческих графических задач в школе.

The main device in the organization of graphics and designing activities for students mastering the content of the subject «Graphics and designing» in schools is a system of educational and creative assignments. Their implementation is to ensure the assimilation of the necessary high level of graphic knowledge and skills of students and thus achieve the learning objectives of development of intellectual abilities. The article deals with methods of design and application systems, creative graphic tasks in school.

«Графика және жобалау» пәнінің оқу бағдарламасының негізінде пәннің әрбір тарауы бойынша шығармашылық жұмыстар енгізіп, графикалық іс-әрекетті оқу шығармашылығымен байытуды іске асыру идеясы жатыр. Сол мақсат үшін дидактикалық құрал ретінде оқушылардың жобалау іс-әрекеттеріне жалпы дайындығын дамытатын және ойлау амалдарын жоғарырақ деңгейдегі тапсырмаларды шешуге бағыттауды қамтамасыз ететін арнайы пропедевтикалық тапсырмалар қызмет етеді. Оларға техника, сәулет өнері және дизайн салаларындағы жобалау іс-әрекет элементтері бар тапсырмалар кіреді.

Бірінші категорияға оқытудың алғашқы кезеңдерінде қолдану ұсынылатын қоршаған өмірден және жобалау-конструкторлық тәжірибеден алынған пропедевтикалық тапсырмалар («қызықты проекциялар», «вербалдық жұмбақтар», «модель-жұмбақтар», «жұмбақ сымдар», «конструкторлық жұмбақтар», «комбинаторлық жұмбақтар», «аналогтар жасау», «ойша түрлендіру тапсырмалары», «пішінді модельдеуге берілгендері толық емес тапсырмалар», «эвристикалық графикалық тапсырмалар», «модельдеу және конструкциялау элементтері бар тапсырмалар», «тапсырма-